

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 130 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 2 маусымда № 38885 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Көлік министрі

Н. Сауранбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жасынды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Көлік министрі
2026 жылғы 1 маусымдағы
№ 130
бұйрықпен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының,
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының,
Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің кейбір
бұйрықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесі**

1. "Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 13 мамырдағы № 276 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6993 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық бақылау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді сыныптау және жасау, сондай-ақ кемелерді жасау және оларға материалдар мен бұйымдарды дайындауды жүзеге асыру кезінде экологиялық қауіпсіздікті тексеру мақсатында Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті "Қазақстан су жолдары" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Кеме қатынасы тіркелімі" филиалы (бұдан әрі – Кеме қатынасы тіркелімі) техникалық бақылауының

нысанын, тәртібін, әдісін және көлемін, сондай-ақ "Ұйымдарды және сынақ зертханаларын техникалық куәландырудан өткізу" мемлекеттік қызметін көрсетудің тәртібін белгілейді.";

47 және 47 мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Тану туралы куәлік алу үшін көрсетілетін қызметті алушы "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы Кеме қатынасы тіркеліміне ұйымды немесе сынақ зертханасын тану туралы өтінімді (бұдан әрі – өтінім) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жібереді.

"Ұйымдарды және сынақ зертханаларын техникалық куәландырудан өткізу" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін және уақытын көрсете отырып хабарлама жолданады.

Кеме қатынасы тіркелімі құжаттарды қараудың, куәландырудың және Тану туралы куәлікті берудің жалпы мерзімі 10 (он) жұмыс күнді құрайды.

"Ұйымдарды және сынақ зертханаларын техникалық куәландырудан өткізу" мемлекеттік қызметі заңды тұлғаларға көрсетіледі.

Уәкілетті орган нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы 1-қосымшаға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, "цифрлық үкімет" цифрлық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.

47-1. Жеке басын куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы ақпарат, Кеме қатынасы тіркелімі тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.";

47-2-тармағының бірінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"47-2. Өтінімді өңдеу "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасында Кеме қатынасы тізілімімен оның тіркелген күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексеру жолымен жүзеге асырылады.";

67-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"67-1 Кеме қатынасы тіркелімі мемлекеттік қызметтерді көрсету сатысы туралы мәліметтердің мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылаудың цифрлық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.";

144-тармағының бірінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"144. Компьютерлік қолданбалар Кеме қатынасы тіркелімімен келісілуге жатады және Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне сәйкес цифрлық объектілер ретінде танылады.";

3-қосымшаға мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұйымдарды және сынақ зертханаларын техникалық куәландырудан өткізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Ұйымдарды және сынақ зертханаларын техникалық куәландырудан өткізу
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	-
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауын	Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті "Қазақстан су жолдары" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Кеме қатынасы тіркелімі" филиалы
4	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлерін ұсыну тәсілдері (бар болса)	"цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы
5	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлері (бар болса)	10 (он) жұмыс күні
6	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны және оның кіші түрлері (бар болса)	электрондық (ішінара автоматтандырылған)
7	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі және оның кіші түрлері (бар болса)	Тану туралы куәлік немесе осы Қағидаларға 3-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап
8	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 156-бабының 1-тармағына сәйкес акылы негізде көрсетіледі. Алым сомасын төлеу екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда немесе "цифрлық үкімет" төлеу шлюзі арқылы жүзеге асырылады.
		1) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес

9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және акпарат объектілерінің жұмыс графигі	жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) көрсетілетін қызметті беруші – Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 12.00-ден 13.00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 08.00-ден 17.00-ға дейін.
10	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі және оның кіші түрлері (бар болса)	1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұйымды немесе сынақ зертханасын тану туралы өтінім; 2) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем туралы түбіртектің электрондық көшірмесі. Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілген қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.
11	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден және оның кіші түрлерінен (бар болса) бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдар мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне

		тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімі) болуы; 4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
12	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптарды көздейді	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.gov.kz интернет-ресурсында және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығында көрсетілген: 1414, 8-800-080-7777.

".

2. "Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікті беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 ақпандағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10790 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 54-1) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікті беру қағидалары осы тізбіге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Теңізде жүзу кітапшасының үлгісін, оны ресімдеу және беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 156 бұйрығына (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10661 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-5) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теңізде жүзу кітапшасын ресімдеу және беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Теңізде жүзу кітапшасын ресімдеу және беру және "Теңізде жүзу кітапшасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-5) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және теңізде жүзу кітапшасын ресімдеу мен беру және "Теңізде жүзу кітапшасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін көрсету тәртібін айқындайды.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. "Теңізде жүзу кітапшасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) "Қазақстан Республикасы Көлік министрігі Теміржол және су көлігі комитетінің "Қазақстан Республикасы порттарының теңіз әкімшілігі" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – қызмет беруші) көрсетеді.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Жеке басын куәландыратын құжаттардың мәліметтерін, көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінімді және ұсынылған құжаттардың толықтылығын тексереді.

Өтінішті өңдеу оны қызмет көрсетушіге келіп түскен және мемлекеттік "Е-лицензиялау" деректер базасында тіркелген күннен бастап жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес пакетін ұсынғанда немесе мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер жоқ болғанда, көрсетілетін қызметті беруші осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті алушыға өтінімнің және/немесе құжаттар пакетінің сәйкес келмейтін себептерін және оларды түзету мерзімін көрсете отырып, хабарламаны жібереді.

Хабарламада көрсетілген құжаттарды сәйкес келтіру мерзімі 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінімді және/немесе құжаттар пакетін түзетпесе, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті одан әрі қараудан бас тартады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" хабарлама жібереді.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Көрсетілетін қызметті беруші сәйкес цифрлық саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтерді ұсыну сатысындағы деректердің мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.";

1-қосымшада реттік нөмері 13-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Теңіз көлігі мамандарын даярлау куәліктері туралы мәліметтер _____

Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді, цифрлық жүйелерде сақталатын деректерді пайдалануға келісемін.

_____ 20 __ жылғы " __ " _____

(қолы)

";

2-қосымшада мынадай редакцияда жазылсын:

"Теңізде жүзу кітапшасын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Теңізде жүзу кітапшасын беру
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	-
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің "Қазақстан Республикасы порттарының теңіз әкімшілігі" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
4	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлерін ұсыну тәсілдері (бар болса)	Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру мыналар арқылы жүзеге асырылады: Мемлекеттік корпорация;

		портал – мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжде жауап беру жағдайында.
5	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлері (бар болса)	2 (екі) жұмыс күні
6	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны және оның кіші түрлері (бар болса)	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде
7	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі және оның кіші түрлері (бар болса)	Мемлекеттік корпорация арқылы: теңізде жүзу кітапшасы. порталда: портал арқылы өтінішті берген кезде көрсетілетін қызмет алушының "жеке кабинетіне" теңізде жүзу кітапшасының, оны алу күнін және жерін көрсете отырып дайындығы туралы мәртебе немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап жолданады.
8	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес 13.00-ден бастап 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) портал – жөндеу жұмыстарына байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылданады және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 3) Мемлекеттік корпорация – өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін

		қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы дүйсенбіден жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа көмек көрсету кезекші бөлімдері Кодекске сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін, сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары www.egov.kz порталында орналасқан.
10	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі және оның кіші түрлері (бар болса)	1) өтініш; 2) көрсетілетін қызметті алушының бас киімсіз бейнесі бар ашық түсті фондағы цифрлық фотосурет; Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілген қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.
11	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден және оның кіші түрлерінен (бар болса) бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдар мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімі) болуы; 4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына

		сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
12	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптарды көздейді	Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған: Министрліктің – www.gov.kz , "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі; Мемлекеттік корпорация – www.gov4c.kz . Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8-800-080-7777.

".

4. "Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 165 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11125 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-2) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабы 3-тармағының 55-2) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Мемлекеттік қызметтер туралы Заң) 10-

бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібін айқындайды.

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде (бұдан әрі – Мемлекеттік кеме тізілімі), Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде (бұдан әрі – халықаралық кеме тізілімі) және бербоут-чартер тізілімінде кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді "Қазақстан Республикасы Көлік министрігі Теміржол және су көлігі комитетінің "Қазақстан Республикасы порттарының теңіз әкімшілігі" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Порттың теңіз әкімшілігі) жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы теңіз кемелерінің тізілімдерін (Мемлекеттік кеме тізілімін, халықаралық кеме тізілімін, бербоут-чартер тізілімін) жүргізуді Порттың теңіз әкімшілігі электрондық жеткізгіште осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша жүзеге асырады.

6. Порттың теңіз әкімшілігі мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді цифрлық саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне түседі.

Уәкілетті орган нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік үш күн ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілген қызметті берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Кемені Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркеу үшін өтініш беруші "цифрлық үкімет" www.egov.kz порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес "Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне (бұдан әрі – 1 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтінімді жолдайды.

Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны-меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерінен алынады.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін есепке ала отырып үдерістің сипаттамаларын, нысанын, мазмұнын және көрсетудің нәтижесін, сондай-ақ өзге де

мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі 1 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Құжаттарды қарау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру жалпы мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып өтінімді қабылдау туралы хабарлама жолданады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:";

"15. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтылығын тексереді.

Өтінішті өңдеу оны қызмет көрсетушіге келіп түскен және мемлекеттік "Е-лицензиялау" деректер базасында тіркелген күннен бастап жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес пакетін ұсынғанда, көрсетілетін қызметті беруші аталған мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан уәжді түрде бас тартады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту 1 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес негіздер бойынша жүзеге асырылады.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Уақытша куәлікті электрондық түрде алу үшін өтініш беруші осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Кеме шетелде сатып алынған жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне (бұдан әрі – 2 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес өтінімді портал арқылы, уақытша куәлікті қағаз түрінде алу үшін – Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды адамы арқылы жолдайды.

Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны – меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерінен алынады.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін есепке ала отырып үдерістің сипаттамаларын, нысанын, мазмұнын және көрсетудің нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі 2 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Құжаттарды қарау және уақытша куәлікті беру жалпы мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.";

31-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны-меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерінен алынады.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтылығын тексереді.

Өтінішті өңдеу оны қызмет көрсетушіге келіп түскен және мемлекеттік "Е-лицензиялау" деректер базасында тіркелген күннен бастап жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес пакетін ұсынғанда, көрсетілетін қызметті беруші аталған мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан уәжді түрде бас тартады.

Өтінішті қабылдаудан бас тарту мемлекеттік қызмет көрсетушінің уәкілетті лауазымды адамы арқылы 3 мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.";

43-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны-меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерінен алынады.";

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтылығын тексереді.

Өтінішті өңдеу оны қызмет көрсетушіге келіп түскен және мемлекеттік "Е-лицензиялау" деректер базасында тіркелген күннен бастап жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес пакетін ұсынғанда, көрсетілетін қызметті беруші аталған мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан уәжді түрде бас тартады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту 4 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес негіздер бойынша жүзеге асырылады.";

47-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны-меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерінен алынады.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінімді және ұсынылған құжаттардың толықтылығын тексереді.

Өтінішті өңдеу оны қызмет көрсетушіге келіп түскен және мемлекеттік "Е-лицензиялау" деректер базасында тіркелген күннен бастап жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес пакетін, мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған және/немесе мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер болмағанда, көрсетілетін қызметті беруші осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті алушыға өтінімнің және/немесе құжаттар пакетінің сәйкес келмеу себептерін және мемлекеттік қызметті көрсету тоқтатыла тұрған кезеңге сәйкес келтіру мерзімін көрсете отырып, хабарламаны жібереді.

Хабарламада көрсетілген құжаттарды сәйкес келтіру мерзімі 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ескертулерді жоймаса, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті одан әрі қараудан бас тартады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту 5 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес негіздер бойынша жүзеге асырылады."; мынадай мазмұндағы 9-тараумен толықтырылсын:

"9-тарау. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу тәртібі

61. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы кеме тіркелген тізілімде Порттың теңіз әкімшілігімен тіркеледі.

62. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер кіріс құжаттарын есепке алу кітабына және осы кеме тіркелген тиісті тізілімге енгізіледі.

63. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу кезінде бұл туралы кемелік құжаттарға қандай да бір жазбалар енгізу талап етілмейді.

64. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу кезінде кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда, өтініш беруші осы Қағидалардың 20 немесе 21-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті "цифрлық үкімет" порталы арқылы осы Қағидалардың 22-қосымшасына сәйкес "Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес құжаттарды қоса бере отырып жібереді.

Бұл ретте, қызмет көрсетуші куәліктің жоғалу фактісін және кеме кепілдігін мемлекеттік тіркеу тізілімінде қолданыстағы түпнұсқаның жоқтығын тексереді.

65. Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны-меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу

туралы мәліметтер "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерінен алынады.

66. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 1 (бір) жұмыс күні.

Өтінішті өңдеу оны қызмет көрсетушіге келіп түскен және мемлекеттік "Е-лицензиялау" деректер базасында тіркелген күннен бастап жүзеге асырылады.

Өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып өтінімді қабылдау туралы хабарлама жолданады.

67. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттары тіркелген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде олардың толықтығын және Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді және нәтижелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мынадай нәтижелерін береді:

1) қызмет алушы толық құжаттар топтамасын ұсынған жағдайда, қызмет көрсетуші береді:

кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті не жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, немесе кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін не жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін осы Қағидаларға 23 немесе 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді;

кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақ не жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақ осы Қағидаларға 25 немесе 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеуді тоқтату туралы ақпарат не жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеуді тоқтату туралы ақпарат осы Қағидаларға 27 немесе 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

2) "Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 10-тармағында көзделген бас тарту негіздері анықталған жағдайда дәлелді бас тарту беріледі және ол портал арқылы электрондық құжат нысанында қызмет алушының жеке кабинетіне жіберіледі.

68. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы Қағидалардың 25 немесе 26-қосымшасына сәйкес нысан бойынша аталған куәлікке қосымша парақтарды қоса отырып, кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы туралы шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

69. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер бойынша кеме немесе жасалып жатқан кеме ипотекасы тоқтатылған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 20 немесе 21-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кепіл берушінің өтініші негізінде портал арқылы тиісті кеме немесе жасалып жатқан кеме ипотекасының тоқтатылғаны туралы мәліметті осы

Қағидалардың 27 немесе 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша береді. Көрсетілетін қызметті беруші кеме немесе жасалып жатқан кеме ипотекасының тоқтатылғаны туралы тиісті тізілімге жазба енгізеді.

70. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған, көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған, көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса не әрекет жасаса, ол шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік қызметтер туралы Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.";

3, 8, 11, 14 және 16-қосымшалар осы тізбеге 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес жазылсын;

осы тізбеге 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 және 15-қосымшаларға сәйкес 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27 және 28-қосымшалармен толықтырылсын.

5."Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 16 шілдедегі № 512 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19057 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-6) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 10-бабының сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-6) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру тәртібін айқындайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өтініш беруші уәкілетті органға "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат алу үшін өтінімді (бұдан әрі – өтінім) жолдайды.

Өтінімге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) келтірілген құжаттардың электрондық көшірмелері қоса беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жазылған.

Уәкілетті органның құжаттарды қарау және рұқсат берудің жалпы мерзімі 9 (тоғыз) жұмыс күнін құрайды.

Уәкілетті орган нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, "цифрлық үкімет" цифрлық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Уәкілетті орган құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтылығын тексереді.

Өтінішті өңдеу оны қызмет көрсетушіге келіп түскен және мемлекеттік "Е-лицензиялау" деректер базасында тіркелген күннен бастап жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес топтамасын ұсынғанда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес өтінішті одан әрі қараудан уәжді түрде бас тартады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға оң нәтиже немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді. Уәкілетті орган басшысы орынбасарының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі портал арқылы электрондық құжат нысанында өтініш берушіге жіберіледі.

Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты), не заңды тұлға-меншік иесін мемлекеттік тіркеу (заңды тұлғаларға қатысты) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.";

1-қосымшада реттік нөмері 17-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемелердің өздеріне тиесілі шетел кемесі тартылатын қызметті жүзеге асыру мүмкіндігіне қатысты қазақстандық кеме иелерімен келіспеу себептері (бар болса) _____

Ұсынылған мәліметтердің және қоса берілетін құжаттардың дұрыстығын растаймын

Цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

_____ 20 ____ жылғы " ____ " _____

(қолы) ";

2-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

"Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	-
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті
4	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлерін ұсыну тәсілдері (бар болса)	"цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал)
5	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлері (бар болса)	Қызмет көрсету мерзімі – 9 (тоғыз) жұмыс күні. Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Егер ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі анықталса, көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды береді.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны және оның кіші түрлері (бар болса)	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
7	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі және оның кіші түрлері (бар болса)	Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат, не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің ұсыну нысаны: электрондық түрде. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан

		әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады.
8	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 12.00-ден 13.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін. 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары www.egov.kz порталында және Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында ("Теміржол және су көлігі комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде) орналастырылған.
		Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат алуға өтінім. Өтінімге мынадай құжаттардың электрондық көшірмелері қоса беріледі: кеменің техникалық жарамдылығын растайтын сыныптау куәлігі немесе өзге де құжат.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі және оның кіші түрлері (бар болса)

Жолаушылар кемелері үшін қосымша:
жолаушылар куәлігі;
тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі*.
Екі мың және одан да көп тонна көлемінде мұнай тасымалдауға арналған кемелер үшін:
кемелерден мұнаймен ластанудан болған залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлік*.
Ұқсас түрдегі бос қазақстандық, осы мақсаттар үшін шетелдік кеме тартылатын қызметті жүзеге асыруға мүмкіндігі бар кемелердің болуы негізінде рұқсат беруден дәлелді бас тартумен келіспеген жағдайда өтініш беруші мынадай қосымша құжаттарды қоса бере отырып, өтінім қайта енгізіледі:
1) танылған шетелдік сыныптау қоғамының еркін нысандағы қорытындысы (қазақстандық кемеңіз жұмыстарды жүзеге асыруға техникалық жарамсыздығын негіздеу қажет болған жағдайда);
2) тапсырысты орындау үшін қажетті кемеге жұмысқа тапсырыс берушісінің еркін нысандағы техникалық ерекшелігі.
Шет тіліндегі құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды расталған аудармамен қамтамасыз етіледі. Нотариалды расталған аударманың электрондық көшірмесі шет тіліндегі құжатқа қоса беріледі.
Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілген қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

1) өтініш беруші рұқсатты алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған

11	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден және оның кіші түрлерінен (бар болса) бас тарту үшін негіздер	деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) өтініш берушінің және (немесе) рұқсатты беру үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) өтініш берушіге қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салатын заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімі) болуы; 4) өтініш берушіге қатысты заңды күшіне енген сот шешімі болса, оның негізінде өтініш беруші мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы; 5) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
12	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптарды көздейді	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың " жеке кабинеті", сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.gov.kz интернет-ресурсында және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығында көрсетілген: 1414, 8-800-080-7777.

Ескертпе:

* кемелерден мұнаймен ластанудан болған залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржымен қамтамасыз ету туралы куәлік Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 17 шілдедегі № 251-І бұйрығымен бекітілген тәртіппен беріледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1956 болып тіркелген), тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен беріледі.

Егер сыныптау куәлігін немесе кемең техникалық жарамдылығын растайтын өзге де құжатты және жолаушылар куәлігін сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіппен танымаған шетелдік сыныптау қоғамы берсе, онда "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес танылған сыныптау қоғамынан растау қажет."

Қазақстан Республикасының
Көлік министрі
2026 жылғы 1 маусымдағы
№ 130
Тізбеге 1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 23 ақпандағы
№ 145 бұйрығымен
бекітілген

Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікті беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікті беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 54-1) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және "Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлік беру (сауда мақсатында теңізде жүзу)" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) кеме – сауда мақсатында теңізде жүзуге пайдаланылатын, су ығыстырмайтын кеме мен гидроұшақты қоса алғанда, өздігінен жүретін немесе өздігінен жүрмейтін жүзбелі құрылыс;

2) кеме иесі – кемеңің меншік иесі болып табылатынына немесе оны өзге де заңды негізде пайдалануына қарамастан өз атынан кемеңі пайдаланатын адам;

3) кемеңің меншік иесі – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 165 бұйрығымен бекітілген Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына сәйкес кеме иесі ретінде тіркелген адам (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелімінде № 11125 болып тіркелген);

4) уәкілетті орган – сауда мақсатында теңізде жүзу саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган.

2-тарау. Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікті беру тәртібі

3. Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлік (бұдан әрі – Куәлік) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 15 қыркүйектегі № 27 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша (бұдан әрі – Бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелімінде № 9883 болып тіркелген) "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің "Қазақстан Республикасы порттарының теңіз әкімшілігі" республикалық мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) беріледі.

Куәлік Қазақстан Республикасының тиісті теңіз тізілімінде кемеңің қолданыстағы тіркеуі болған жағдайда беріледі.

4. Кеме иесі және (немесе) кеме иеленуші (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) Куәлікті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлік беру (сауда мақсатында теңізде жүзу)" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сәйкес құжаттарды жолдайды.

Құжаттар портал арқылы жіберілген жағдайда, олар көрсетілетін қызмет алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

5. Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі

Құжаттарды қарау және Куәлікті беру бойынша көрсетілетін қызметті берушінің жалпы мерзімі 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

Өтінішті өңдеу қызмет көрсетушіге келіп түскен және "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қорында тіркелген кезден бастап жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттары тіркелген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде олардың толықтығын және осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді және көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда бұйрықпен бекітілген нысан бойынша куәлік береді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинеті" порталы арқылы электрондық құжат нысанында өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Өтінішті қайта беру "цифрлық үкімет" порталы арқылы жалпы тәртіппен жүзеге асырылатынын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының бас тарту себептері жойылғаннан кейін қайта жүгіну құқығын көздейтін, ал қайта өтінішті қабылдаудан бас тартуға құжатпен расталған негіздер болған кезде ғана жол беріледі.

7. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Уәкілетті орган нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге және бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

8. Куәлік қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жасалады және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде және халықаралық кеме тізілімінде тіркелген кемелерге үш жыл мерзімге беріледі. Бербоут-чартер тізілімінде тіркелген кемелерге куәлік Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығының қолданылу мерзіміне беріледі.

9. Куәліктің қолданылуы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- 1) куәліктің жарамдылық мерзімі кезінде;
- 2) кемеңің жалпы сыйымдылығының өзгеруі кезінде;
- 3) кемеңің экипажының штаттық кестесі өзгерген кезінде.

10. Кеме иесі куәлікті жоғалтқан немесе бүлдірген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші кеме иесінің немесе кеме иесінің еркін нысанда жасалған куәліктің телнұсқасын беру туралы өтініші бойынша оған көрсетілген куәліктің телнұсқасын өтінішті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде береді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағымды қарау нәтижелері шешіммен (хабарламамен) жазбаша немесе электрондық нысанда рәсімделеді, уәкілетті лауазымды адамның қолымен расталады және көрсетілетін қызметті алушыға шешім "цифрлық үкімет" порталы арқылы немесе шешім қабылданғаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде басқа құжатпен расталатын тәсілмен жіберіледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік іс-әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

Жоғары тұрған әкімшілік орган лауазымды адам болмаған жағдайда, әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) сотта шағым жасалуы мүмкін, бұл туралы әкімшілік іс бойынша шешім қабылдау кезінде әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасалатын әкімшілік орган әкімшілік рәсімге қатысушыға хабарлайды.

Кеме экипажынның ең аз құрамы туралы куәлікті алу туралы өтініш

1. Тіркелді _____
2. Тіркеу нөмірі _____
3. Тіркеу күні _____
4. Кеме атауы _____
5. Тіркеу нөмірі немесе шақыру сигналы _____
6. IMO нөмірі _____
7. Тіркелген порты _____
8. Жалпы сыйымдылығы _____
9. Негізгі қозғалтқыш қондырғысының қуаты, кВт _____
10. Кеме түрі _____
11. Кезеңмен вахтасыз қызмет көрсететін машиналық үйжайы _____
12. Жүзіп-қарау ауданы _____
13. Пайдаланушы компания _____

Цифрлық жүйелерде құпия болып саналатын заңмен қорғалатын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

_____ " ____ " _____ 20 ____ жыл
(қолы)

Кеме экипажынның
ең аз құрамы туралы
куәлікті беру қағидаларына
2-қосымша

**"Кеме экипажынның ең аз құрамы туралы куәлік беру (сауда мақсатында теңізде жүзу)"
мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Кеме экипажынның ең аз құрамы туралы куәлік беру (сауда мақсатында теңізде жүзу)
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	-
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Көлік министрігі Теміржол және су көлігі комитетінің "Қазақстан Республикасы порттарының теңіз әкімшілігі" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)

4	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлерін ұсыну тәсілдері (бар болса)	"цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – порт)
5	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлері (бар болса)	3 (үш) жұмыс күні
6	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны және оның кіші түрлері (бар болса)	электрондық (ішінара автоматтандырылған)
7	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі және оның кіші түрлері (бар болса)	1), Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 15 қыркүйектегі № 27 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша Кеме экипажының ең аз құрамына куәлік (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9883 болып тіркелген) немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап; 2) Куәліктің телнұсқасы.
8	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және акпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 12.00-ден 13.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін. 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде кодекске сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: Көлік министрлігінің

		интернет-ресурсында: www.gov.kz "Теміржол және су көлігі комитеті" бөлімнің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде; портал.
10	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі және оның кіші түрлері (бар болса)	1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтініш; 2) кеме экипажының штаттық кестесі (электронды көшірме). 3) жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады"
11	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден және оның кіші түрлерінен (бар болса) бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты осы мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылады; 5) "Жеке деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін

		қолжетімділігі шектеулі жеке деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.
12	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптарды көздейді	Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинет", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс-орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

Қазақстан Республикасының
Көлік министрі
2026 жылғы 1 маусымдағы
№ 130
Тізбеге 2-қосымша
Кемелерді және оларға
құқықтарды мемлекеттік
тіркеу қағидаларына
3-қосымша

"Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	"Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу"
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	1. "Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде тіркеу". 2. "Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде қайта тіркеу". 3. "Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен алып тастау".
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің "Қазақстан Республикасы порттарының теңіз әкімшілігі" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – қызмет беруші)

4	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлерін ұсыну тәсілдері (бар болса)	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы
5	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлері (бар болса)	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша 2 (екі) жұмыс күні
6	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны және оның кіші түрлері (бар болса)	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша – толық автоматтандырылған
7	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі және оның кіші түрлері (бар болса)	Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде тіркеу және қайта тіркеу кезінде: осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлік; осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кемеге меншік құқығы туралы куәлік; Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен алып тастау кезінде: осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кемеңіз Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен шығарылғаны туралы куәлік; осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген жауап .
	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін алым Қазақстан Республикасының Салық кодексімен белгіленген мөлшерлемелер бойынша және тәртіппен жүзеге асырылады. Алым мөлшерлемелері: 1) "Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрін көрсету үшін – 60 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК); 2) "Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде қайта

8	алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрін көрсету үшін – 30 АЕК; 3) "Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен алып тастау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрін көрсету үшін – тегін. Алым сомасын төлеу екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда немесе "цифрлық үкіметтің" төлеу шлюзі арқылы жүзеге асырылады.
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		"Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде тіркеу" және "Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде қайта тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерін көрсету кезінде: 1) кемеге меншік құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі; 2) өлшеу куәлігінің электрондық көшірмесі; 3) сыныптау куәлігінің электрондық көшірмесі;

10	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі және оның кіші түрлері (бар болса)	4) осы мемлекеттің туын ауыстырғанға дейін тікелей тіркелген тізілімнен шет мемлекеттің кемесі алынып тасталғанын және ипотека ауырлығы жоқтығын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі. Осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген тұлғалардың жеке меншігіндегі кемелер үшін кеме Солтүстік Каспий жобасын іске асыру үшін тікелей жасалғанын (сатып алынғанын) және 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімде көзделген тәртіппен Солтүстік Каспий жобасы бойынша өкілетті органға беруге жататынын растайтын хатты қосымша ұсыну қажет. "Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен алып тастау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрін көрсету кезінде: 1) электрондық нысандағы өтініш. Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны - меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерінен алынады.
11	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталғанда; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдар мен мәліметтер осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмегенде; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген

	және оның кіші түрлерінен (бар болса) бас тарту үшін негіздер	қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болған жағдайларда; 4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмағанда.
12	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптарды көздейді	Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болса портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі порталдың "жеке кабинет", көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, 1414 , 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Тізбеге 3-қосымша
Кемелерді және оларға
құқықтарды мемлекеттік
тіркеу қағидаларына
8-қосымша

"Кеме шетелде сатып алынған жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Кеме шетелде сатып алынған жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік беру
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	-
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері

4	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлерін ұсыну тәсілдері (бар болса)	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру: 1) Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері; 2) "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
5	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлері (бар болса)	5 (бес) жұмыс күні
6	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны және оның кіші түрлері (бар болса)	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) / қағаз
7	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі және оның кіші түрлері (бар болса)	осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кеме шетелде сатып алынған жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік; осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген жауап.
8	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін консулдық алым Қазақстан Республикасының Салық кодексіне және "Шет мемлекеттің аумағында консулдық әрекеттер жасағаны үшін консулдық алым мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2019 жылғы 20 мамырдағы № 11-1-4/227 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18702 болып тіркелген) сәйкес мөлшерлемелер бойынша жүзеге асырылады. Консулдық алым сомасын төлеу екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда немесе "цифрлық үкімет" төлеу шлюзі арқылы жүзеге асырылады.
		1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі

мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Құжаттарды қабылдауды көрсетілетін қызметті беруші сағат 09:30-дан 12:30-ға дейін, ал мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді сағат 16:00-ден 17:00-ге дейін жүзеге асырады. Сәрсенбі күні қабылдамайды.

Климаты ыстық және ылғалды шет мемлекеттерде көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі жергілікті жағдайларға қатысты белгіленеді.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі, көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы арқылы кезекті броньдауға болады.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде кодекске сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

1) жеке тұлғалар үшін: көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын анықтау үшін); кемеге меншік құқығын растайтын құжат; кемені бұған дейін тіркеген мемлекеттің билік орындары берген кеменің осы мемлекеттің кеме тізілімінен шығарылғанын және ипотека ауыртпалығы

10	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі және оның кіші түрлері (бар болса)	жоқтығын куәландыратын (егер мұндай жағдай өтініш берілгенге дейін орын алған болса) құжат; өлшем куәлігі; сыныптау куәлігі; жолаушы куәлігі (жолаушы кемелері үшін); консулдық алымның төленгенін растайтын құжат. 2) заңды тұлғалар үшін: белгіленген тәртіппен куәландырылған көрсетілетін қызметті алушының құрылтай құжаттарының көшірмелері (салыстыру үшін түпнұсқа ұсынылады); заңды тұлғаның атынан әрекет етудің өкілеттігін растайтын құжат; кемеге меншік құқығын растайтын құжат; кемені бұған дейін тіркеген мемлекеттің билік орындары берген кеменің осы мемлекеттің кеме тізілімінен шығарылғанын және ипотека ауыртпалығы жоқтығын куәландыратын (егер мұндай жағдай өтініш берілгенге дейін орын алған болса) құжат; өлшем куәлігі; сыныптау куәлігі; жолаушы куәлігі (жолаушы кемелері үшін); консулдық алымның төленгенін растайтын құжат.
11	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден және оның кіші түрлерінен (бар болса) бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталғанда; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдар мен мәліметтер осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмегенде; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу

		туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болған жағдайларда; 4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмағанда.
12	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптарды көздейді	Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болса портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі порталдың "жеке кабинет", көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, 1414 , 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.

Тізбеге 4-қосымша
Кемелерді және оларға
құқықтарды мемлекеттік
тіркеу қағидаларына
11-қосымша

"Кемелерді Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1		"Кемелерді Қазақстан Республикасының халықаралық
---	--	--

	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу"
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	1. "Кемелерді Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркеу". 2. "Кемелерді Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде қайта тіркеу". 3. "Кемелерді Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінен алып тастау".
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің "Қазақстан Республикасы порттарының теңіз әкімшілігі" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
4	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлерін (бар болса) ұсыну тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы
5	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлері (бар болса)	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша 2 (екі) жұмыс күні
6	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны және оның кіші түрлері (бар болса)	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша – толық автоматтандырылған
		Кемелерді Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркеу және қайта тіркеу кезінде: 1) меншік құқығындағы теңіз кемесі үшін: осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлік; осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кемеге меншік құқығы туралы куәлік; осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кемең Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінен шығарылғаны туралы куәлік; осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша

7	Мемлекеттік қызмет көрсету және оның кіші түрлерін (бар болса)	мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген жауап ; Кемелерді Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркеу және қайта тіркеу кезінде: 2) бербоут-чартер бойынша пайдалануға ұсынылған теңіз кемесі үшін: осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бербоут-чартер шарттарында жалға алынған шетелдік теңіз кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы куәлік; осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кемеінің Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінен шығарылғаны туралы куәлік; осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген жауап ;
8	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін алым Қазақстан Республикасының Салық кодексімен белгіленген мөлшерлемелер бойынша және тәртіппен жүзеге асырылады. Алым мөлшерлемелері: 1) "Кемелерді Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрін көрсету үшін – 60 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК); 2) "Кемелерді Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде қайта тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрін көрсету үшін – 30 АЕК; 3) "Кемелерді Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінен алып тастау"

		мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрін көрсету үшін – тегін. Алым сомасын төлеу екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда немесе "цифрлық үкімет" төлеу шлюзі арқылы жүзеге асырылады.
